

JACOBS кофесі

Орындаған: Усерова Ә.
Қабылдаған: Сүлейменова И.
Топ: қаржы
Курс: 2



Кофенің шығу тарихы

- Ежелгі аңыздарға сүйенсек, кофенің ғажайып қасиетін, эфиопиялық Қалди есімді бақташы кездейсоқ байқауынан бастау алған көрінеді. Ол ешкісін күндіз жайылымда жүргенде кофенің қанық қызыл жемісін жегенін көреді. Сол күні түнде тек мазаланып кеткенін сол кофе жемісінен көріп күдіктенеді. Таң ертеңгісін бұл қызық жайды ауыл діндарына әңгіме етіп айтады екен. Діндар ол жеміске қатты қызығып өзіне сынап көрмек болғанда, өзінің сергек болғанын және ерекше тыныштық тауып, күш алғанына таңданып қарайды. Содан бері бұл кофе жемісін түнгі құлшылық етуде, құлшылық етушілерге ұсынады. Халықты өз қасиетімен таңдандырған кофе осылайша дамуы бастау алады. Діндарлар кофені әр түрлі етіп қуырып та қолданады.

Кофе туралы жалпы мәлімет


- **Кофе** – әлемдегі ең көп таралған сусындардың бірі. Америка мен Еуропаның үлкен қалаларындағы он тұрғынның жетеуі өз таңдарын **капучино** мен **экспрессо** арқылы бастайды екен. Кофенің әлемге атағы жайылғаны соншалық, бұл сусын түрі ғылымның басты объектісі болып саналады.



- Кофе ағашы егілген соң, **6** жылдан кейін өнім бере бастайды. Әлемде кофенің сан мыңдаған түрі бар. **Варшава кофесі, Шығыс кофесі, Бразилиялық кофе** және т.б. Оның негізгі түсі **жасыл**, тек қуырған соң **қоңырқай** тартады. Бұлардың сырт пішіні ұқсас болғанымен, дәмі өз алдына ерекше. Кофе дәнінде: **клетчатка, азотты заттар, кофеин, қант, май, минералды тұздар** бар.

JACOBS

- 1895 жылы Бремен қаласында Иогани Якобс өзінің жеке кофе, какао, шоколадтың әр түрлі сорттарын ұсынатын дүкенін ашты. Дәл осы жыл Jacobs брендінің құрылуына бастама болды. Ресми түрде тауар маркасы ретінде 1913 жылы енгізілді. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кофе саудасына тыйымдар салынып, өндіріс жағдайы қиындай бастады. Сонымен Якобс саудаға басқа да тауарларды қосуға мәжбүр болды. Мәселен қант пен әртүрлі жармаларды. Соғыс аяқталысымен Якобс өзінің туысқан інісі Уолтердің үлкен көмегімен кофе өндірісін одан әрі қарай жандандырды. Осылайша қазір де бұл бренд өте танымал.



Якобс кофесінің продукциялық түрлері



Ерігіш кофе



Ұнтақталған кофе



Кофе 1 дез



Кофенің құрамы

“Jacobs” кофесінің калориясы мен ұнтақ
құндылығы
Өнімнің массасы: 100 г

Ақуыз 15,33 г	22%
Майлылық 0,11 г	0%
Көмірсу 10,82 г	4%
Калория 106,05 ккал (443кДж)	5%

Жапсырма	құндылығы
Ақуыз	15,33
Майлар	0,11
Көмірсу	10,82

Өнімнің жоғары емес калориясы кезінде
ақуыздың көп мөлшерін қамтиды.
Ақуыздар, майлар мен көмірсулардың
оңтайлы арақатынасы(салмағы бойынша):
16%, 17%, 67%.

Бәсекелестері



Catre Noire



Jardin



Bushido

Ерекшеліктері

- табиғи ұнтақталған кофе;
- патенттелген технология;
- ұнтақталған кофенің бай дәмі мен хош иісі

Маркетингтік коммуникация

- Жарнама (желілік жарнама, сыртқы жарнама, теледидарлық жарнама)
- Өнімді баспа түрінде жарнамалау, қала көшелеріндегі акциялық жарнамалар
- Брендинг (логотип, дизайн, фирмалық қаптама)



Кофе әлемдік нарықта

- Кофе сауда айналымы бойынша екінші орынға ие. Орташа жылдық егін **146** миллион **60** келі қап (оның **60%** экспортталады). Арабикаға әлемдік өндірістің үштен екісі келеді. Кофенің негізгі экспорттаушылары: **Бразилия, Колумбия, Гватемала, Үндістан және Сальвадор**. Робуста негізінен Вьетнам мен Индонезияда өсіріледі. Дүниежүзілік кофе өндірісінің көлемі шамамен келесі құрылымға ие:
 - **70%** Орталық және Оңтүстік Америкадан (негізінен арабика).
 - Африкадан **20%** (арабика және робуста).
 - Азия/Океаниядан **10%** (негізінен робуста).

Кофенің пайдасы мен зияны

- Дәрігерлердің айтуынша, кофеинді 100 пайыздық мөлшерде пайдалануға болмайды. Кофеин құрамында адам психикасына әсер беретін зат болғандықтан, ол ортаңғы жүйке жүйелеріне ықпалын тигізіп, ұйқысыздық пен тежеулікті азайтады. Және кофе жүректің жұмысын тездетеді, сонымен қатар бір мезгілде қантамырларда жұмыс жасайды, оларды кеңейту арқылы қан қысымын көтермеуге әсерін береді. Алайда бұл сусынды жүрек-тамыр ауруымен ауыратын адамдарға сақтықпен қолданған жөн. Кофе асқазан жұмысын да тездетеді, сондықтан дәрігерлер кофені аш қарынға ішуге тыйым салады.

- Күн өткен сайын кофені ішуді көбейтпеген дұрыс, ғалымдар 7 бокалдан артық ішуге тыйым салады, себебі мидың жұмыс істеу белсенділігін төмендетеді немесе керісінше ашуланшақтыққа, күйгелектікке алып келеді.
- Соған қарамастан кофе шаршаңқылықты жояды, депрессия кезінде пайдасы мол, яғни серетонина гармоны арқылы адамға бақыт, қуаныш, өз-өзіне сенімділік алып келеді. Зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, психологқа аз баратын адамдар, олар кофені көп ішетіндер екен және антидепресанттарды қолданатыны анықталды. Кофені ішуді шұғыл тоқтатқан адам ұйқышылдыққа, солғындыққа, өз-өзіне сенімділіктен айырылуға алып келеді екен.

Талдау қорытындысы

- Талдау қорытындысы бойынша, тұтынушылардың көп бөлігі таң ертемен кофе ішетінін және тек бірен-сарандарының шырын ішетінін байқадым. Және де тұтынушылардың көп бөлігі күндігіне 3 шыныаяқ кофе ішу жеткілікті деп санайды. Тұтынушылардың көп бөлігі “Jacobs monarch” ерігіш кофе маркасын таңдады. Кофены таңдауда өнімнің сапасы мен дәміне және бағасына басты назар аударылады. Тұтынушылар өз таңдауларына риза екенін білдірді.

Назарларыңызға рахмет!

